

## БЕКІТЕМІН

Астана қаласы әкімдігінің  
«Әдістемелік орталығы» МКҚК  
басшысының м.а.

С. Дауешова  
«14» 12 2022ж.



# ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ АРАСЫНДА «ШЫҒАРМАШЫЛ ПЕДАГОГ-2022» БАЙҚАУЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

## I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Осы Ереже «Шығармашыл педагог - 2022» байқауының (бұдан әрі – «Байқау») мақсаттарын, міндеттерін, өткізу, қатысу және қорытындысын шығару тәртібін айқындайды.
  - 1.2. Байқаудың ұйымдастырушылары – Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, Білім басқармасы мен Астана қаласы «Әділет» Білім беру қызметкерлері кәсіподағының қолдауымен өткізеді.
  - 1.3. Байқауды өткізу мерзімділігі - жылына бір рет. Байқау туралы ақпарат Астана қаласы «Әдістемелік орталығы» МКҚК және Астана қаласы «Әділет» Білім беру қызметкерлері кәсіподағының сайтында жарияланады.
  - 1.4. Мақсаты: педагогтерінің өзін-өзі шығармашылықпен көрсетуіне жағдай жасау және озық педагогикалық тәжірибені насихаттау.
- Міндеттері:
- Астана қаласы колледждердің дарынды, шығармашылықпен жұмыс істейтін педагогтерді анықтау;
  - шығармашылық байланыстарды кеңейту, техникалық және кәсіптік оқыту саласындағы жаңа идеялар мен жетістіктермен алмасу;
  - педагогтерді қолдау және ынталандыру.

## II. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАР

- 2.1. Астана қаласының техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері.
- 2.2. Әр ұйым 3 қатысушыға дейін ұсына алады.
- 2.3. Байқау өткізу тілі - қазақ, орыс.
- 2.4. Өткізу түрі-онлайн.

### III. БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

3.1. Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті мен байқаудың сараптамалық комиссиясы құрылады.

3.2. Ұйымдастыру комитетінің мүшелері мен сараптамалық комиссия Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК басшысының бұйрығымен бекітіледі (келісім бойынша).

3.3. Сараптамалық комиссия Астана қаласының Білім басқармасының, Әдістемелік орталығының, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының, «Әділет» педагогикалық қызметкерлерінің қалалық кәсіподағының өкілдері, тәжірибелі педагогтердің, кәсіби педагогикалық шеберлік байқауларының жеңімпаздарының, әлеуметтік серіктестердің, қоғамдық ұйымдардың өкілдерінің қатарынан қалыптасады.

### IV. ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ МЕН ТӘРТІБІ

**I кезең** - қатысуға өтінімдерді тіркеу және байқау құжаттарын қабылдау. Байқауға қатысушылар өтінімдерді **2022 жылдың 28 желтоқсанға** дейін байқаудың [tipokonkurs@mail.ru](mailto:tipokonkurs@mail.ru) электрондық поштасына жібереді.

**II кезең** – байқаудың құжаттарын сараптау- **2023 ж. 4-9 қаңтар аралығында;**

**III кезең**- байқаудың қорытындысын шығару- **2023 жыл 14 қаңтар.**

#### **Байқау тапсырмалары.**

**1. Байқауға қатысушының визиттік карточкасы.** Байқауға қатысушының визит карточкасы педагогикалық, ғылыми-әдістемелік және сабақтан тыс іс-әрекеті туралы түсінік береді. Сөз сөйлеу 3 минуттан аспау қажет (бейнеролик).

*Бағалау критерийлері:*

- Педагогикалық қызмет туралы мәліметтердің қысқалығы мен сыйымдылығы (макс.-5ұ.);
- Эстетика және материалды беру мәдениеті (макс.-5ұ.);
- Ерекшелік және қабылдауға тиімділігі(макс.-5 ұ.).

**2. Жаңашыл технологияларды және сандық ресурстар қолданылған тәжірибелік сабақтың үзіндісі (15 мин.)**

*Бағалау критерийлері:*

- тақырыпты ашудың инновациялылығы мен тереңдігі (0-10ұ. );
- материалды ұсынудың әдістемелік тәсілдерінің әртүрлілігі, орындылығы және бірегейлігі (0-10ұ.);
- студенттер әрекетінің жоғары қарқындылығына қол жеткізу және қолдау білігі (0-10ұ.);
- дербес іздестіру қызметін ұйымдастыра білу (0-10ұ.);
- көпшілік алдында сөйлеу мәдениеті (0-10ұ.).

**3. «Менің жетістіктерім» презентациясы.** Педагогтің ғылыми, әдістемелік, кәсіптік, оқу-тәрбие, қоғамдық және басқа қызметтегі жетістіктері көрсетілген слайдтар (соңғы 3 жылда)

*Бағалау критерийлері:*

- біліктілік санаты (5 ұпайға дейін).
- ғылыми дәреже (магистр 2 ұ., ғылым кандидаты (PhD) - 3 ұ.);

- жұмыс тәжірибесін тарату және жалпылау: оқу-әдістемелік өнімдерді дайындау, семинарларға, конференцияларға қатысу, басылымдар. Әр деңгейінен 3-тен артық есепке алынбайды (қалалық - 2 ұ., республикалық- 3ұ., халықаралық- 4ұ.);
- педагогтің және студенттердің жеңімпаз орындар (қалалық -2 ұ., республикалық- 3ұ., халықаралық- 4ұ.);
- тәрбие жұмысы: волонтерлік, қайырымдылық шараларға қатысу, әлеуметтік жобалар, «Оқу колледжі» және т.б. (қалалық - 2ұ., республикалық-3ұ., халықаралық - 4ұ.);
- оқытушының қызметін бағалау мен марапаттау (ведомстволық наградалар-5ұ., Құрмет Грамоталары, Алғыс хаттар және т. Әр деңгейінен бір марапаттау есепке алынады (қалалық -2 ұ., республикалық- 3ұ., халықаралық- 4ұ.);
- сараптамалық топтардың жұмысына қатысу. (Әр деңгейдегі бір қатысу ескеріледі - қалалық -2 б., республикалық – 3 б., халықаралық – 4 б.)

**Ескерту:**

1. «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 (17.08.2022 № 371) және 2022 жылғы 22 ақпандағы № 101 бұйрығы және Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасы басшысының бұйрығы.
2. Конкурстық материалдар растайтын құжаттармен (хаттар, анықтамалар, бұйрықтар және т.б.) ұсынылуы тиіс.
3. Республикалық және қалалық «Үздік педагог» (соңғы 3 жыл бойы) және «Үздік өндірістік оқыту шебері» (2022 ж.) байқауларында жүлделі орындарға ие болған мұғалімдердің конкурстық материалдары қабылданбайды.

Қатысушылардың байқау материалдары рецензияланбайды, қайтарылмайды.

Белгіленген мерзімнен кейін жіберілген материалдар қабылданбайды

Ұйымдастыру комитет:

Исина Н.С., Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің әдіскері, тел.: 87016447318;

Сейдахметова Б.К., Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің әдіскері, тел.: 8(777)5338769.

## **V. ҚОРЫТЫНДЫ ШЫҒАРУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ**

- 5.1. Байқаудың жүлделі орындарын жинаған ұпай санына сәйкес бөлінеді.
- 5.2. Байқау нәтижесі бойынша «Шығармашыл педагог-2022» жеңімпаздары анықталады ( Гран- при 1, 2, 3 орын).
- 5.3. Байқау жеңімпаздары Астана қаласының Әдістемелік орталығы мен «Әділет» педагогикалық қызметкерлері кәсіподағының Дипломдарымен және құнды сыйлықтармен марапатталады.
- 5.4. Барлық қатысушыларға сертификаттар беріледі.

Астана қаласы техникалық және кәсіптік білім беру  
ұйымдарының өндірістік оқыту шеберлері үшін  
«Шығармашыл педагог-2022» байқауына қатысуға  
ӨТІНІМ

1. Тегі, аты, әкесінің аты  
(толығымен) \_\_\_\_\_
2. Туған жылы, айы, күні \_\_\_\_\_
3. Білім беру ұйымы \_\_\_\_\_
4. Білімі (оқу орны, бітірген жылы,  
мамандығы) \_\_\_\_\_
5. Лаузымы \_\_\_\_\_
6. Педагогикалық жұмыс өтілі \_\_\_\_\_
7. Мекен-жайы: \_\_\_\_\_  
телефон \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_
- e-mail \_\_\_\_\_

Толтырылған күні \_\_\_\_\_

Қатысушының қолы \_\_\_\_\_

Директор \_\_\_\_\_  
колы

Аты-жөні \_\_\_\_\_